

Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі

Жібек жолы ауылдының мектеп – лицейінің

2023-2024 оку жылдының қараша айында өткен

педагогикалық кеңесінің

**№2 хаттамасы**

**Күні:** 03.11.2023ж.

**Катысқандар:**

**Себепті:**

**Уақыты:** 10:00

**Катыспағандар:**

**Себепсіз:**

**Тақырыбы:** «Білім сапасы – «Үздік мектеп» болу кепілі»

**Мақсаты:** педагогтарды аттестаттаудың жаңа ережесімен таныстыру, ағымдағы сұраптар, педагогикалық әдеп.

**Күн тәртібінде:**

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Қазақ тілі мен әдебиеті және тарих мұғалімдерінің білім сапасын арттыруға кепіл болатын белсенді әдіс-тәсілдер, технологиялары.
3. 2023-2024 оку жылдының 1-тоқсан бойынша білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісі.
4. 2023-2024 оку жылында аттестатталатын педагогтар портфолиосы. Жаңа ережемен таныстыру.
5. 5.1. Мұғалімдер жүргізуге міндетті құжаттар тізбесі №130 бұйрық 06.04.2020ж;  
5.2. Күнделік кз толтырылуы.

**6. Ағымдағы мәселелер:**

- 6.1. Педагогикалық әдеп;
- 6.2. 2-тоқсанда өткізілетін іс-шаралар.

**Тындалды:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Аубакирова Гулнур Иргебаевна сөз алып, №1 педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес жоспарланған жұмыстардың толық нәтижелі орындалғанын атап өтті.

2. Келесі мәселе бойынша қазақ тілі мен әдебиеті және тарих мұғалімдері білім сапасын арттыруға кепіл болатын белсенді әдіс-тәсілдер, технологиялар туралы шеберлік-сынып көрсетті. Шебер-сынып барысында педагогикалық кеңеске қатысушыларға жаңа ақпаратты қабылдауға, талқылауға арналған «Ақпараттық үшішк» және сабакты бекітуге арналған «Plickers» сияқты әдістәсілдермен бөлісті.
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша оқу ісі орынбасары Хакимжанова Кулия Муратхановна 2023-2024 оқу жылының 1-тоқсан бойынша білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісімен таныстырылды. 1-тоқсандың 1-11-сынып бойынша 534 окушымен аяқтағанын айта келе, 1-тоқсан бойынша жалпы 2-11-сыныптар арасындағы білім сапасы 41% көрсеткенін айтты. Сонымен қатар әр сыныптың жеке мониторингіне тоқталып өтті. Атап айтсақ, 2-сыныпта барлығы 70 окушы, оқу үздігі – 11, үлгерімі жақсы окушылар саны – 28, жалпы сапа 56% көрсетсе, 3-сыныпта барлығы 57 окушы, оқу үздігі – 11, үлгерімі жақсы окушылар саны – 17, жалпы сапа 49%, ал 4-сыныптарда барлығы 51 окушы, оқу үздігі – 4, үлгерімі жақсы окушылар саны – 18, жалпы сапа 43%, 5-сыныптарда барлығы 63 окушы, оқу үздігі – 2, үлгерімі жақсы окушылар саны – 31, жалпы сапа 52%, 6-сыныптарда барлығы 49 окушы, оқу үздігі – 6, үлгерімі жақсы окушылар саны – 17, жалпы сапа 47%, ал 7-сыныптарда барлығы 38 окушы, оқу үздігі – 1, үлгерімі жақсы окушылар саны – 6, жалпы сапа 18%, 8-сыныптарда барлығы 47 окушы, оқу үздігі жоқ, үлгерімі жақсы окушылар саны – 8, жалпы сапа 17%, 9-сыныптарда барлығы 29 окушы, оқу үздігі жоқ, үлгерімі жақсы окушылар саны – 7, жалпы сапа 24% көрсетсе, 10-сыныптарда барлығы 30 окушы, оқу үздігі – 2, үлгерімі жақсы окушылар саны – 7, жалпы сапа 30%, 11-сыныптарда барлығы 9 окушы, оқу үздігі жоқ, үлгерімі жақсы окушылар саны – 4, жалпы сапа 44% көрсеткен. Окушылардың 1-тоқсаның бейімделу тоқсаны десек, 2-тоқсанда білім сапасын көтеруіміз қажет. Ол үшін білімдегі олқылықтарды жою жұмыстарын күшеттіп, үлгермеген окушылармен қосымша жұмыстар жасап, үздік окушылардың қатарын көбейту, 2-тоқсанда білім сапасын көтеру қажеттігін айтып өтті. Осы ретте «Білімнің сапасының артуына әсер ететін факторларды» мұғалімдерді 4 топқа бөле отырып, SWOT талдауы арқылы талқылады.
4. 2023-2024 оқу жылында аттестатталатын педагогтар портфолиосы бойынша оқу ісі орынбасары Хакимжанова Кулия Муратхановна сөз алып, мұғалімдерге «Педагогтарды аттестаттаудың» жаңа ережесімен таныстырылды. Жаңа ереже бойынша тест тапсыру барысында оқыту әдістемесі алынып тасталғанын, пәндей білім бойынша 100 тапсырмадан тұратын тест тапсырмалары берілеттінін ескертті. «Педагог-модератор», «педагог-сарапшы» біліктілік санатын беруге үміткер педагогтер ПББ рәсімінен өтетінін, ал «педагог-зерттеуші», «педагог-

шебер» санатындағы мұғалімдер ПББ-дан босатылатынын айтты. ПББ өтудің шекті деңгейі «педагог-модератор» - 60%, ал «педагог-сарапшы» - 70% болатынын, педагогтер ПББ рәсімінен білім беру саласындағы үәкілетті орган бекіткен кестеге сәйкес жылына 1 рет тегін, 1 рет ақылы негізде өте алатынына тоқталды. Сонымен қатар, арнайы платформа құрылышп, мұғалімнің барлық құжаттары сонда жинақталатынына, аттесталатын педагогтің жеке кабинеті арқылы платформада өтінішті өз бетінше беруіне болатынын айтты.

5. Құн тәртібіндегі мұғалімдер жүргізуге міндетті құжаттар тізбесі №130 бұйрықтың орындалуына оку ісі орынбасары Хакимжанова Кулия Муратхановна тоқталып өтті. №130 бұйрыққа сәйкес орта білім беру үйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттар таныстырылды. Атап айтсақ қысқы мерзімді жоспар, тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері бойынша талдау жүргізу, сабак кестесіне сәйкес сынып журналын толтыруға ерекше тоқталып өтті. 1-тоқсан бойынша «Күнделік кз» мониторингімен таныстырып, тоқсан бойғы жіберілген олқылықтарды нақты атап өтті. Педагогтерге «Күнделік кз» жүйесі бойынша сынып журналын сабак кестесіне сәйкес мерзімінде толтыру керектігін ескертті.
6. Келесі мәселе бойынша мектептің кәсіподак үйымының төрағасы Шынбергенова Алтынай Тыныштыковна сөз алды. «Педагогикалық әдеп қағидалары» Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Занының және «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы КР-дың Ережесіне сәйкес әзірленгенін, педагогикалық әдеп білім беру үйымдарының педагогтері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жиынтығы болып табылатынын айтып баяндама жасады. Сонымен қатар, педагогикалық әдептің негізгі қағидаларын, негізгі нормаларын, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын үйымдастыру қағидаларын, кеңестің негізгі міндеттері мен өкілеттіліктеріне, кеңес қызметін үйымдастыру шараларына тереңірек тоқталып өтті.

Қорытынды сөз кезегін алған мектеп директоры Аубакирова Гулнур Иргебаевна бұғінгі күн тәртібінде қарастырылған мәселелерді қорытындылай келе сапалы білім беруде мұғалім міндеті – білім техникасын бұғінгі күн талабына сай жетілдіру, окушыға сапалы, тиянақты білім беріп, білімділік дағдыларын қалыптастыру екенін атап өтті. Басты мақсат – окушының білім сапасын арттыру қажет екенін, ол үшін білім саласындағы олқылықтармен тиянақты жұмыстар жүргізу керектігін айтып, алдағы уақытта мұғалімдердің жұмыстарына шығармашылық табыс тіледі.

### **Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Қазақ тілі мен әдебиеті және тарих мұғалімдерінің білім сапасын арттыруға кепіл болатын белсенді әдіс-тәсілдер, технологиялары қанағаттанарлық деп есептелсін;
2. 2023-2024 оқу жылының 1-тоқсан бойынша мониторингінде ең төменгі көрсеткіш көрсеткен сыныптарға бақылау қойылсын, мұғалімдердің сабағына әкімшілік бұйрық негізінде қатыссын;
3. Төмен нәтиже көрсеткен оқушыларға пән бойынша олқылық жоспары жасалынып, сабак барысында көңіл бөлінсін;
4. 2023-2024 оқу жылында аттестатталатын педагогтар «Педагогтарды аттестаттаудың» жаңа ережесі бойынша берілген ақпаратты назарға алсын;
5. №130 бұйрық бойынша міндепті құжаттар жүргізілсін, және де жүргізілуі талап етілсін;
6. Пән бойынша сынып журналы «Күнделік кз» жүйесіне сәйкес уақытында толтырылсын. Мерзіміне сәйкес толтырмаған мұғалімдердің сол күнгі сағаты табельден алынып тасталсын;
7. 2- тоқсанда өткізілетін іс-шаралар жоспарға сәйкес уақытында өткізілсін, бақылау Шынар Наурызбаевнаға жүктелсін;
8. «Окуға құштар мектеп» жобасы негізінде дүйсенбіден бастап 1-сабакта 8 минут барлық сыныптарды кітап оқылсын. Бақылау мектеп кітапханашысы Махметова Дарига Ордабаевнаға жүктелсін.
9. Мектептің ішкі жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстардың есебі уақытында берілсін.



**Кеңес төрағасы:**

 Аубакирова Г.И.

**Хатшы:**

 Ерлан А.